

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сарыағаш аудандық Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы құрамынан шығып қалған азаматтың орнына конкурс өткізу туралы

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі Жұмыс тобы Сарыағаш ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамынан шығып қалған бір азаматтың орнына сайлау туралы коммерциялық емес ұйымдар өкілдері, азаматтар арасында бір орынға конкурс жариялайды.

Жұмыс тобының шығып қалған бір мүшесінің орнына сайлау туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін он жұмыс күн мерзім ішінде коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардан жазбаша түрде кандидатуралар ұсынылуы қажет. Жұмыс тобы құрамына ұсынылатын кандидатуралар мына талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1. Сарыағаш ауданының аумағында тұратын 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары жұмыс тобының мүшелігіне кандидат бола алады.

Жұмыс тобы мүшелігіне кандидат:

- 1) сотталғандығы болмауы;
- 2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танымаған болуға;
- 3) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауға тиіс.

Ескерту: азаматтар мен коммерциялық емес ұйым болып табылатын бір заңды тұлға жұмыс тобына бір ғана өкіл ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері белгіленген мерзімде мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) Үлгілік ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ;
- 2) жұмыс тобының мүшесіне кандидатура (болған жағдайда) ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.

Ұсыныстарды қабылдау 2020 жылдың 04 қарашасынан 17 қарашасына дейін дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 09.00-ден бастап, 19.00-ге дейін жүргізіледі, үзіліс 13.00-ден 15.00-ге дейін. Мекен жай: Сарыағаш қаласы Исмайлов көшесі, №37 үй. Байланыс телефоны: 2-10-95 Электронды мекен жай: maslihat_2010@mail.ru

Конкурсқа қатысу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныс енгізу тәртібі жөнінде қосымша ақпаратты және ұсынылатын құжаттар үлгілерін тікелей Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөнінде Жұмыс тобына 2-10-95 телефоны бойынша аудандық мәслихаттың ұйымдастыру құқық бөлімшесінің басшысы, жұмыс тобының хатшысы Бименов Арыстанбек Қаржаубайұлынан, сондай-ақ аудандық мәслихат сайтынан (www.Saryagashmaslihat.gov.kz) алуға болады.

Аудандық мәслихат хатшысы,
Қоғамдық кеңесті қалыптастыру
жөніндегі жұмыс тобының басшысы

Б.Садықов